- бүйрек және бауырдың ауыр жеткіліксіздігі.

Қолдану кезінде қажетті сақтандыру шаралары

Левоком[®] препараты дәрілік препараттар тудырған экстрапирамидалық бұзылыстарды емдеуге ұсынылмайды.

Препаратты құрамында тек леводопа бар препараттарды бұрын алып жүрген пациенттерге тағайындауға болады, алайда, леводопаны қабылдау Левоком[®] препаратымен емдеу басталуынан, кем дегенде, 12 сағат бұрын тоқтатылуы тиіс.

Левоком[®] препаратының тәуліктік дозасы леводопаның алдыңғы тәуліктік дозасының шамамен 20 %-ын қамтамасыз етуі тиіс.

Меланома

Эпидемиологиялық зерттеулер Паркинсон ауруына шалдыққан пациенттердің, жалпы қауыммен салыстырғанда, меланоманың даму қаупіне (шамамен 2-6 есе жиірек) бейімдеу болатынын көрсетті. Меланоманың жоғары даму қаупінің Паркинсон ауруымен немесе осы ауруды емдеуге қолданылатын дәрілік препараттар сияқты басқа факторлармен байланысты-байланыссыз екені белгісіз.

Жоғарыда аталған себептер бойынша, пациенттер мен олардың қамқоршыларына, меланомаларды (Левоком[®] препаратымен емдеу кезінде) анықтау үшін пациенттерді жүйелі қарап тексеруге кеңес беріледі, теріні мезгіл-мезгіл қарап тексеруді білікті мамандар (мысалы, дерматологтар) жүргізуі тиіс.

Дофаминдік ретсіздік синдромы (ДРС) – бұл дәрілік затты шамадан тыс қолдану салдарынан туындайтын аддитивті бұзылыс және карбидопа/леводопа қабылдаған кейбір пациенттерде байқалады. Емдеуді бастау алдында пациенттерге және оларға күтім жасаушы қамқоршыларға ықтималды ДРС даму қаупі ескертілуі тиіс.

Импульстік бақылау бұзылулары

Решение: N062249

Дата решения: 06.04.2023

Фамилия, имя, отчество (при его наличии) руководителя государственного органа (или уполномоченное лицо): Кашкымбаева Л. Р.

(Комитет медицинского и фармацевтического контроля Министерства здравоохранения Республики Казахстан)

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года «Об электронном документе и электронной цифровой подписи» равнозначен документу на бумажном носителе

Левоком® препаратымен емдеу кезінде пациенттерге импульстік бақылау бұзылуларының дамуына қатысты жүйелі мониторинг өткізілуі тиіс. Пациенттер мен олардың қамқоршыларын дофамин агонистерін және/немесе құрамында леводопа бар препараттарды, оның ішінде Левоком® препаратын қолданумен басқа дофаминергиялық ем қабылдаған пациенттерде тіркелген импульстік бақылау бұзылуларының мінез-құлықтық симптомдарынан (мысалы, құмар ойындарға салыну, либидо жоғарылауы, аса жоғары сексуалдық, компульсивтік шығынданулар немесе сатып алулар, қатты тойып ішіп-жеу немесе компульсивті тамақтану) хабардар ету қажет. Осындай симптомдар дамығанда емдеуді түзету қажет. Алдын ала тек леводопамен емделген пациенттерде, карбидопа леводопаның көп бөлігінің миға жетуіне және сол арқылы дофаминнің көп мөлшерде түзілуіне мүмкіндік беретіндіктен, дискинезия болуы мүмкін. Дискинезияның пайда болуы дозаны төмендетуді талап етуі мүмкін. Леводопа сияқты, Левоком® препараты да еріктен тыс қозғалыстар мен психикалық бұзылыстарды туындатуы мүмкін. Бұл реакциялар мида дофамин мөлшерінің көбею себебінен болады деп жорамалданады. Бұл құбылыстар мида дофамин артуының нәтижесі болуы мүмкін. Дозаны төмендету қажет болуы мүмкін. Левоком® препаратын қабылдап жүрген барлық пациенттер, депрессиялық синдромның қатарлас суицидке бейімділіктермен даму мүмкіндігіне байланысты, мұқият қадағалауда болуы тиіс. Психоздар (оның ішінде анамнезде) байқалған пациенттерге емді таңдағанда айрықша көңіл бөлу қажет болады. Психобелсенді препараттарды бір мезгілде қабылдап жүрген пациенттерге де ерекше назар аудару керек. Левоком® препаратын жүрек-қантамыр жүйесінің және өкпенің ауыр аурулары, бронх демікпесі, анамнезінде құрысулар, бүйрек, бауыр және эндокриндік жүйесінің аурулары бар немесе анамнезінде асқазан мен он екі елі ішектің ойық жаралы ауруы болған пациенттерге (асқазан-ішек жолының жоғарғы бөлімінен қан кету мүмкіндігіне орай) абайлап тағайындау керек. Леводопа қолданылған жағдайлардағы сияқты, Левоком® препаратын миокард инфарктісін өткерген немесе резидуальді жүрекшелік, түйіндік немесе қарыншалық аритмиялары болған пациенттерге тағайындағанда алдын ала мұқият тексеру өткізу қажет. Осындай пациенттерде жүрек қызметін алғашқы доза тағайындалғанда және дозаларын таңдау кезеңінде ерекше мұқияттылықпен қадағалау қажет.

Решение: N062249

Дата решения: 06.04.2023

Фамилия, имя, отчество (при его наличии) руководителя государственного органа (или уполномоченное лицо): Кашкымбаева Л. Р.

(Комитет медицинского и фармацевтического контроля Министерства здравоохранения Республики Казахстан)

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года «Об электронном документе и электронной цифровой подписи» равнозначен документу на бумажном носителе

Созылмалы ашық бұрышты глаукомасы бар пациенттерге препаратты сақтықпен және емделу кезінде көзішілік қысымын тұрақты бақылау шартымен тағайындау керек. Емдеу күрт тоқтатылғанда бұлшықет сіресуін, дене температурасының көтерілуін, психикалық бұзылыстарды қамтитын қатерлі нейролептикалық синдромға және қан сарысуында креатинфосфокиназа деңгейінің жоғарылауына ұқсас симптомдар кешенінің дамуы болуы мүмкін. Сондықтан, дозаны күрт азайту немесе препаратты тоқтату кезінде, әсіресе, егер олар нейролептиктер қабылдап жүрсе, пациенттердің жай-күйін мұқият бақылау отыру қажет.

Леводопа ұйқышылдық және қалғып кету жағдайлары сияқты жағымсыз құбылыстар тудыруы мүмкін. Кейбір жағдайларда санадан тыс немесе сақтандыру белгілерінсіз күнделікті қызмет уақытында кенеттен ұйқышылдану көріністерінің туындауы туралы хабарламалар тіптен сирек келіп түсті. Алайда, пациенттерді осындай симптомдардың болжамды туындауынан хабарландыру қажет, ал олар пайда болса, дозасын төмендету немесе препаратты тоқтату мүмкіндігін қарастыру керек.

Леводопамен жағдайдағы сияқты, Легоком® препаратымен ұзақ уақыт емдеу кезінде бауыр, қан түзу, жүрек-қан тамыр жүйесі және бүйрек функциясын мезгіл-мезгіл бақылау ұсынылады.

Егер жалпы анестезия қажет болса, Легоком® препаратын пациентке сұйықтық пен дәрілерді пероральді қабылдауға рұқсат етілген сәтке дейін қабылдауға болады.

Карбидопа препараттары леводопамен, егер кетонурияны анықтау үшін индикаторлық жолақ пайдаланылса, несептегі кетонды денелерге жалған оң реакция туғызуы мүмкін. Бұл реакция несеп сынамасын қайнатудан кейін өзгермейді.

Глюкозурияны тестілеудің глюкозооксидазалық әдісін пайдалану кезінде жалған теріс нәтижелер алуға болады.

Басқа дәрілік препараттармен өзара әрекеттесуі

Легоком® препаратын басқа дәрілік заттармен бір мезгілде қолданғанда сақ болу керек.

Гипертензияға қарсы дәрілер

Кейбір гипотензиялық дәрілермен бір мезгілде қолданғанда Легоком® препараты ортостаздық гипотензия симптомдарын тудыруы мүмкін, бұл препаратпен емдеудің басында гипотензиялық дәрілер дозасын түзетуді талап етеді.

Антидепрессанттар

Решение: N062249

Дата решения: 06.04.2023

Фамилия, имя, отчество (при его наличии) руководителя государственного органа (или уполномоченное лицо): Кашкымбаева Л. Р.

(Комитет медицинского и фармацевтического контроля Министерства здравоохранения Республики Казахстан)

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года «Об электронном документе и электронной цифровой подписи» равнозначен документу на бумажном носителе

Левоком® препаратын трициклды антидепрессанттармен бір мезгілде қолданғанда, артериялық гипертензия мен дискинезияны қоса, жағымсыз реакциялар болуы мүмкін. Левоком® препаратын ұсынылған дозаларында MAO-B селективті тежегіштерімен ғана (мысалы, NSI селегилинмен) қадағалаумен қолдануға болады.

Антихолинергиялық дәрілер

Левоком® препаратын треморды азайтуға қатысты леводопамен синергиялық әсері бар антихолинергиялық дәрілермен бірге қолдануға болады. Алайда, оларды бірге қолдану еріктен тыс қозғалыс бұзылуларын күшейтуі мүмкін. Антихолинергиялық дәрілер леводопаның сіңірілуіне және, тиісінше, пациенттің емдеуге жауабына ықпал етуі мүмкін. Осындай жағдайларда препарат дозасын түзету қажет.

Темір

Құрамында темір сульфаты немесе темір глюконаты бар дәрілік заттарды бір мезгілде қабылдау Левоком® препараты биожетімділігінің төмендеуіне әкелуі мүмкін.

Анестетиктер

Анестетиктерді қатарлас қолдану аритмияны тудыруы мүмкін.

Басқа дәрілік препараттар

Дофаминдік D₂-рецепторлар антагонистері (мысалы, фенотиазиндер, бутирофенондар, респеридон) мен изониазид Левоком® препаратының емдік әсерін төмендетуі мүмкін.

Папаверин мен фенитоин Левоком® препаратының паркинсон ауруына қарсы әсерін әлсіретуі мүмкін. Сондықтан, аталған препараттарды леводопа/карбидопамен біріктірілімде қолданатын пациенттер емдік әсерін жоғалту мүмкіндігіне байланысты мұқият қадағалауда болуы тиіс.

Леводопа/карбидопаны дофамин жиналуын бөгейтін дәрілермен (мысалы, тетрабеназин) немесе моноамин деңгейлерін бәсеңдетуі мүмкін басқа дәрілік заттармен қолдану ұсынылмайды.

Селегилинмен бірге емдеу Левоком® препаратына тән емес ауыр ортостаздық гипотензияға әкелуі мүмкін.

Ақуыздар мөлшері жоғары диета ұстанып жүрген пациенттерде препарат сіңуінің азаюы байқалады.

Антацидтермен бір мезгілде қолданғанда леводопаның биожетімділігіне ықпалы зерттелмеген.

Решение: N062249

Дата решения: 06.04.2023

Фамилия, имя, отчество (при его наличии) руководителя государственного органа (или уполномоченное лицо): Кашкымбаева Л. Р.

(Комитет медицинского и фармацевтического контроля Министерства здравоохранения Республики Казахстан)

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года «Об электронном документе и электронной цифровой подписи» равнозначен документу на бумажном носителе

Препаратты құрамында пиридоксин гидрохлориді (В₆ дәрумені) бар дәруменді препараттар қабылдап жүрген паркинсонизм бар пациенттерге қолдануға болады.

Арнайы сақтандырулар

Жүктілік және бала емізу кезеңінде қолдану

Жүктілік барысына ықпал етуі белгісіз, алайда леводопа да, оның карбидопамен біріктірілімі де жануарларға жасалған тәжірибеде шарананың ішкі ағзаларының және қаңқасының даму ақауларын тудырды. Сондықтан препаратты жүктілік кезеңінде қолдануға болмайды.

Препаратты лактация кезеңіндегі әйелге тағайындау қажет болса, бала емізуді немесе препаратпен емдеуді тоқтатудың мақсатқа сай болуына қатысты мәселені шешу керек.

Егде жастағы пациенттер: аталған препарат егде жастағы пациенттерге қолданылады.

Балалар

Препараттың балалар үшін қауіпсіздігі анықталмаған, сондықтан ол 18 жасқа дейінгі пациенттерге қолданылмайды.

Дәрілік препараттың көлік құралын немесе басқа механизмдерді басқару қабілетіне әсер ету ерекшеліктері

Препаратты қолдану кезінде жағымсыз реакциялардың (бас айналу, елестеулер, бақыланбайтын қозғалыстар, ұйқышылдық, кенеттен ұйықтап кету жағдайлары, көру бұзылыстары) туындауы мүмкін екенін ескеріп, препаратты қабылдаған уақытта көлік құралдарын басқарудан және зейін қоюды талап ететін басқа жұмыстарды орындаудан бас тарту керек.

Қолдану жөніндегі нұсқаулар

Дозалау режимі

Левоком[®] препаратын ересектерге ішке қолдану керек. Дозалау режимі препаратпен бұрын ем қабылдаған ересек пациенттер үшін аурудың ауырлығына, қатарлас патологияға және емдік әсеріне қарай әркімге жеке белгіленеді. Оңтайлы әсеріне жету үшін препаратты қолдануда үзіліс жасамай, күнделікті қабылдаған дұрыс.

Леводопаны қабылдамайтын пациенттер: Левоком[®] препаратымен емделуді бастаған пациенттер үшін бастапқы доза тәулігіне бір немесе екі рет ас ішуден кейін ½ таблетканы құрайды. Қажет болса, оңтайлы емдік әсерін алуға дейін күнделікті немесе күнара ½ таблеткадан қоса отырып, дозасын біртіндеп арттырады.

Решение: N062249

Дата решения: 06.04.2023

Фамилия, имя, отчество (при его наличии) руководителя государственного органа (или уполномоченное лицо): Кашкымбаева Л. Р.

(Комитет медицинского и фармацевтического контроля Министерства здравоохранения Республики Казахстан)

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года «Об электронном документе и электронной цифровой подписи» равнозначен документу на бумажном носителе

Препаратқа емдік жауап бір күн ішінде, ал кейде бір дозасынан кейін байқалады. Препараттың толық тиімді дозасына, леводопаны бөлек қолданған апталармен және айлармен салыстырғанда, жеті күн ішінде қол жеткізіледі.

Леводопаны қабылдап жүрген пациенттер: леводопаны қабылдауды Левоком® препаратымен ем басталуынан, кем дегенде, 12 сағат (баяу босап шығуы үшін 24 сағат) бұрын тоқтату керек. Препарат дозасының құрамында леводопаның алдыңғы күнделікті дозасының шамамен 20 %-ы болуы тиіс.

Бастапқы дозасы

Тәулігіне 1500 мг леводопадан аз алатын пациенттер препараттың тәулігіне 3-4 рет қабылданатын дозасынан – 75-100 мг карбидопадан және 300-400 мг леводопадан бастауы (препаратты карбидопа/леводопаның 1:4 арақатынасындағы дозада қолдануы) тиіс. Тәулігіне 1500 мг леводопадан көп қабылдап жүрген пациенттер препараттың тәулігіне 3-4 рет 1 таблетка дозасынан бастауы тиіс.

Демеуші ем: біріктірілген Левоком® препараты қолданылатын емде пациенттердің жеке ерекшеліктері ескерілуі тиіс, дозасын емдік әсеріне қарай біртіндеп өзгертуге болады. Леводопаның көп мөлшері қажет болған жағдайда, дозаны әрбір келесі күні ½ немесе 1 таблеткадан ең жоғарғы тәуліктік дозасы – дене салмағы 70 кг пациенттер үшін 200 мг карбидопа және 2 г леводопаға (3-4 рет қабылдауға 8 таблетка) дейін арттыруға болады. Пациентті леводопадан Левоком® препаратына ауыстыру декарбоксилазаның басқа тежегіштерімен үйлестірілгенде оларды қолдану Левоком® препаратын қолданудың басталуынан, кем дегенде, 12 сағат бұрын тоқтатылу керек.

Пациентті леводопаның басқа декарбоксилаза тежегіштерімен біріктірілімінен ауыстырғанда осын препараттарды Левоком® препаратын қолданудың басталуынан 12 сағат бұрын тоқтату керек. Левоком® препаратымен бір мезгілде паркинсон ауруына қарсы басқа дәрілер қабылдап жүрген пациенттер үшін бұл дәрілердің дозасын түзету қажеттілігі туындауы мүмкін.

Препаратты В типті MAO тежегіштерімен (MAO-B) біріктіру акинезия және/немесе дискинезия бақыланатын жағдайларда препараттың тиімділігін арттыруға қабілетті.

Енгізу әдісі және жолы

Пероральді.

Артық дозалану жағдайында қабылдау қажет болатын шаралар

Решение: N062249

Дата решения: 06.04.2023

Фамилия, имя, отчество (при его наличии) руководителя государственного органа (или уполномоченное лицо): Кашкымбаева Л. Р.

(Комитет медицинского и фармацевтического контроля Министерства здравоохранения Республики Казахстан)

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года «Об электронном документе и электронной цифровой подписи» равнозначен документу на бумажном носителе

Левоком® препаратымен артық дозалану кезіндегі сақтану шаралары леводопамен артық дозалану кезіндегі сияқты, алайда пиридоксин Левоком® препаратының әсерін азайтуда тиімді емес.

Симптомдары: ерте белгілері – еріктен тыс қимыл-қозғалыстар, блефароспазм; артериялық гипертензия, жүректің жиырылу жиілігінің артуы, жүрек ырғағының бұзылуы, сананың шатасуы, үрейлі қозу, ұйқысыздық, мазасыздық.

Емдеу: жасанды жолмен құстыру, шұғыл түрде асқазанды шаю.

Симптоматикалық ем: инфузиялар сақтықпен тағайындалады, тыныс жолдарының өткізгіштігіне көңіл бөлінеді, аритмиялар пайда болғанда ЭКГ бақылауымен тиісті емдеу қолданылады. Артық дозалану құбылыстарын емдеу үшін диализдің маңызы зерттелмеген.

Дәрілік препаратты қолдану тәсілін түсіндіру үшін медициналық қызметкер кеңесіне жүгіну жөніндегі нұсқаулар

Дәрілік препаратты қабылдамас бұрын дәрігер кеңесіне жүгініңіз.

ДП стандартты қолдану кезінде көрініс беретін жағымсыз реакциялар сипаттамасы және осы жағдайда қабылдау керек шаралар

Өте жиі

- дискинезия, хорейаны қоса, дистония.

Жиі

- ұйқының бұзылуы, елестеулер, суицидке бейімділіктермен немесе онсыз депрессия, сананың шатасуы
- брадикинезия көріністері («on-off» - синдром) (леводопамен емдеу басталуынан кейін бірнеше айдан және тіпті жылдан соң туындауы және, ықтималды түрде, аурудың үдеуіне байланысты болуы мүмкін (ондай жағдайларда дозаны және олардың арасындағы аралықтарды түзету қажет болуы мүмкін)), бас айналу/вертиго, парестезия, ұйқышылдық, өте сирек күндізгі ұйқышылдану мен кенеттен қалғып кету ұстамаларын қоса
- жүрек ырғағының бұзылулары/жүрек қағу, ортостаздық әсерлер, артериялық гипотензия көріністерін қоса
- диспноэ
- диарея, құсу
- анорексия
- кеуденің ауыруы.

Жиі емес

Решение: N062249

Дата решения: 06.04.2023

Фамилия, имя, отчество (при его наличии) руководителя государственного органа (или уполномоченное лицо): Кашкымбаева Л. Р.

(Комитет медицинского и фармацевтического контроля Министерства здравоохранения Республики Казахстан)

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года «Об электронном документе и электронной цифровой подписи» равнозначен документу на бумажном носителе

- естен танулар
- козу
- есекжем
- бұлшықеттердің құрысуы.

Сирек

- деменция, құрысулар
- психоз күйлерінің көріністері (сандырақтау мен параноидты ойлауды қоса), либидо артуы
- патологиялық құмарлық, аса жоғары сексуалдық, әсіресе, препаратты жоғары дозаларда қолдану кезінде (бұл көріністер дозасын төмендеткенде немесе препаратпен емдеуді тоқтатқанда жоғалған)
- жүрек ырғағының бұзылуы/жүрек қағу, артериялық гипертензия, флебиттер
- асқазан-ішектен қан кетулер, он екі елі ішек ойық жарасының дамуы, сілекейдің қараюы
- тері қышынуы, Шенлейн-Генох ауруы, алопеция, бөртпе, тер бездері секретінің күңгірттенуі
- несептің қараюы
- агранулоцитоз, лейкопения, анемия (гемолиздік және гемолиздік емес), тромбоцитопения
- аса жоғары сезімталдық реакциялары, ангионевроздық ісінуді қоса.

Белгісіз

- атаксия, қол треморының күшеюі, экстрапирамидалық және қозғалыстық бұзылулар, бас ауыру, ойлау белсенділігінің төмендеуі, жасырын Бернар-Горнер синдромының белсенділенуі, ұйып қалу, естен танулар, құлап қалу, жүріс-тұрыстың бұзылуы, окулогирлік криздер (көз алмасы сыртқы бұлшықеттерінің тонустық құрысулары), тітіркену сезімі, тризм
- құштарлықты бақылау бұзылыстарының болжамды симптомдары және компульсивті мінез-құлық (қатты тойып ішіп-жеу, ониомания (импульсивтік сатып алу тілегі) дофамин агонистерін, оның ішінде карбидопа/леводопаны, әсіресе, жоғары дозаларда қабылдаған пациенттерде байқалған)
- үрей сезімі, бағдардан жаңылу, эйфория, ұйқысыздық, бруксизм, дофаминдік ретсіздік синдромы
- бет терісіне қан «тебулер», гиперемия

Решение: N062249

Дата решения: 06.04.2023

Фамилия, имя, отчество (при его наличии) руководителя государственного органа (или уполномоченное лицо): Кашкымбаева Л. Р.

(Комитет медицинского и фармацевтического контроля Министерства здравоохранения Республики Казахстан)

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года «Об электронном документе и электронной цифровой подписи» равнозначен документу на бумажном носителе

- қырылдау, тыныс алудың бұзылуы, тыныс тарылуы
- ауыз кеберсуі, сілекей ағу, дисфагия, іштің ауыруы, іш кату, метеоризм, диспепсия, тілдің ашытуын сезіну, ауыздың кермек тату сезімі, кекіру, жүрек айну
- қатты терлеп кету
- бұлшықеттердің тартылуы
- несепті ұстай алмау, несеп шығару іркілісі
- дене салмағының азаюы немесе артуы, ісінулер
- приапизм
- қатерсіз, қатерлі және нақты анықталмаған ісіктер (кисталар мен полиптерді қоса)
- қатерлі меланома
- астения, ісіну, қалжырау, дімкәстану, қатері нейролептикалық синдром, әлсіздік
- сілтілік фосфатаза, АСТ, АЛТ, лактатдегидрогеназа белсенділігінің жоғарылауы, билирубин, мочевиная, несеп қышқылы тұздарының, плазмадағы мочевиная азоты мөлшерінің артуы, сарысулық креатинин мөлшерінің көбеюі, оң Кумбс сынаамасы, гемоглобин мен гематокрит төмендеуі, гипергликемия, лейкоцитоз, бактериурия, эритроцитурия
- блефароспазм, қорқынышты елестер, конвульсиялар, ықылық ату ұстамалары, психикалық статус өзгеруі (параноидты ойлар мен транзиторлы психозды қоса), ажитация, қорқыныш сезімі, диплопия, мидриаз, көрудің бұлыңғырлануы.

Кейбір жағымсыз реакциялар сипаттамасы

ДРС – бұл карбидопа/леводопаны қабылдаған кейбір пациенттерде туындайтын аддитивті бұзылыстар. Препаратты шамадан тыс пайдалану салдарынан пациенттерде компульсивті мінез-құлық байқалған, бұл кейбір жағдайларда жедел дискинезияны тудыруы мүмкін.

Жағымсыз дәрілік реакциялар туындағанда медициналық қызметкерге, фармацевтикалық қызметкерге немесе дәрілік препараттардың тиімсіздігі туралы хабарламаларды қоса, дәрілік препараттарға жағымсыз реакциялар (әсерлер) бойынша ақпараттық деректер базасына тікелей хабарласу керек

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Медициналық және фармацевтикалық бақылау комитеті «Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды сараптау ұлттық орталығы» ШЖҚ РМК

Решение: N062249

Дата решения: 06.04.2023

Фамилия, имя, отчество (при его наличии) руководителя государственного органа (или уполномоченное лицо): Кашкымбаева Л. Р.

(Комитет медицинского и фармацевтического контроля Министерства здравоохранения Республики Казахстан)

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года «Об электронном документе и электронной цифровой подписи» равнозначен документу на бумажном носителе

<http://www.ndda.kz>

Қосымша мәліметтер

Дәрілік препарат құрамы

Бір таблетканың құрамында

белсенді заттар: 250 мг леводопа, 25 мг карбидопа,

қосымша заттар: жүгері крахмалы, желатинденген крахмал, микрокристалды целлюлоза, магний стеараты, индигокармин бояғышы (Е 132).

Сыртқы түрінің, иісінің, дәмінің сипаттамасы

Көгілдір түсті теңбілдері бар, дөңгелек пішінді, және сызығы бар таблеткалар.

Шығарылу түрі және қаптамасы

10 таблеткадан поливинилхлоридті үлбірден және баспалы лакталған алюминий фольгадан жасалған пішінді ұяшықты қаптамаға салады.

3 немесе 10 пішінді ұяшықты қаптамадан медициналық қолдану жөніндегі қазақ және орыс тілдеріндегі нұсқаулықпен бірге картон қорапшаға салынады.

Сақтау мерзімі

3 жыл.

Жарамдылық мерзімі өткеннен кейін қолдануға болмайды!

Сақтау шарттары

Түпнұсқалық қаптамасында, 25 °С-ден аспайтын температурада сақтау керек.

Балалардың қолы жетпейтін жерде сақтау керек!

Дәріханалардан босатылу шарттары

Рецепт арқылы.

Өндіруші туралы мәліметтер

«Фарма Старт» ЖШҚ,

Украина, Киев қ., В. Гавел бул., 8

Тел./факс: +380442812333

e-mail: office_ua@acino.swiss; office@phs.ua

Решение: N062249

Дата решения: 06.04.2023

Фамилия, имя, отчество (при его наличии) руководителя государственного органа (или уполномоченное лицо): Кашкымбаева Л. Р.

(Комитет медицинского и фармацевтического контроля Министерства здравоохранения Республики Казахстан)

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года «Об электронном документе и электронной цифровой подписи» равнозначен документу на бумажном носителе

Тіркеу куәлігінің ұстаушысы

«Асино Украина» ЖШҚ,

Украина, Киев қ., В. Гавел бул., 8

Тел./факс: +380442812333

e-mail: office_ua@acino.swiss; office@phs.ua

Қазақстан Республикасы аумағында тұтынушылардан дәрілік заттар сапасына қатысты шағымдар (ұсыныстар) қабылдайтын және дәрілік заттың тіркеуден кейінгі қауіпсіздігін қадағалауға жауапты ұйымның атауы, мекенжайы және байланыс деректері (телефон, электронды пошта)

«Ацино Каз» ЖШС,

Қазақстан, 050047, Алматы қаласы, Бостандық ауданы,

Нұрсұлтан Назарбаев даңғылы, 223 үй, 243 т.е.

Телефон: 8 (727) 364-56-61

e-mail: PV-KAZ@acino.swiss

Шешімі: N062249

Шешім тіркелген күні: 06.04.2023

Мемлекеттік орган басшысының (немесе уәкілетті тұлғаның) тегі, аты, әкесінің аты (бар болса):

Кашкымбаева Л. Р.

(Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Медициналық және фармацевтикалық бақылау комитеті)

Осы құжат «Электронды құжат және электрондық цифрлы қол қою жөнінде» 2003 жылғы 7 қаңтардағы ҚРЗ 7-бабы 1-тармағына сәйкес қағаз түріндегі құжатқа тең

Решение: N062249

Дата решения: 06.04.2023

Фамилия, имя, отчество (при его наличии) руководителя государственного органа (или уполномоченное лицо): Кашкымбаева Л. Р.

(Комитет медицинского и фармацевтического контроля Министерства здравоохранения Республики Казахстан)

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года «Об электронном документе и электронной цифровой подписи» равнозначен документу на бумажном носителе